

**"ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 29 наурыз N 460

Банк жүйесін одан әрі реформалау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі  
қ а у л ы е т е д і :

1. "ҚХЖБ"-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамы таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "ҚХЖБ-топ" ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын тарату жөніндегі қажетті ресімдерді жүргізсін.

3. "ҚХЖБ-топ" (Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі) ұлттық инвестициялық қаржы акционерлік компаниясы" жабық акционерлік қоғамын құру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 қыркүйектегі N 965

P980965\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 34, 311-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрі М.Т.Есенбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ